

№1 Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы

Күні: «17» 08 2025 ж.

Төрайымы: Кабденова Гулназ Кабдрахмановна

Хатшы: Сейіткерім Пәкизат Саябекқызы

Қатысқандар:

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. 2025-2026 оқу жылына әдістемелік кеңес жұмыс жоспарын бекіту;
2. Бірлестік жетекшілері мен жас мамандар тәлімгерлерінің жұмыс жоспарын бекіту;
3. Пәндік апталарды өткізу кестесін бекіту;
4. Мемлекеттік қорытынды аттестаттау нәтижелері (ҰБТ-ға жан-жақты талдау жасау);
5. Қысқа мерзімді сабақ жоспарларының құрылу барысы, электрондық журналдарды дұрыс толтыру нұсқаулығымен таныстыру;
6. Аттестация өзгерістерімен таныстыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша: Кабденова Гулназ Кабдрахмановна сөз сөйлеп, 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің негізгі бағыттары мен мақсаттарын таныстырды. Жоспар мектептің даму стратегиясына сәйкес құрылғанын атап өтті.

Екінші және үшінші мәселелер бойынша: Бірлестік жетекшілерінің жылдық жоспарлары мен пәндік апталықтардың кестесі талқыланды. Әрбір пән бойынша іс-шаралардың уақыты нақтыланды.

Төртінші мәселе бойынша: Өткен оқу жылындағы ҰБТ нәтижелеріне сараптама жасалды. Төмен көрсеткіш көрсеткен пәндер бойынша жұмыс сапасын арттыру және оқушылармен жеке жұмыс істеу жолдары ұсынылды.


Бесінші және алтыншы мәселе бойынша: Қысқа мерзімді сабақ жоспарын (ҚМЖ) заманауи талаптарға сай құру және электрондық журналды (Күнделік/Bilimal) уақытылы, қатесіз толтыру туралы нұсқаулық берілді.

Сондай-ақ, мұғалімдерді аттестаттаудың жаңа ережелері мен өзгерістері түсіндірілді.

ШЕШІМ:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес жұмыс жоспары бекітілсін;
2. Бірлестік жетекшілері мен жас мамандар тәлімгерлерінің жұмыс жоспарлары мақұлданып және бекітілсін;
3. Пәндік апталықтардың бекітілген кесте бойынша сапалы өткізілуі бақылауға алынсын;
4. ҰБТ нәтижелері бойынша жіберілген кемшіліктерді жою мақсатында пән мұғалімдеріне қосымша сабақтар кестесін құру тапсырылсын;
5. ҚМЖ құрылымы мен электрондық журналды толтыруда ұсынылған нұсқаулықтар негізге алынсын;
6. Аттестациядан өтуші педагогтарға жаңа ережелерге сай құжаттарды дайындау жүктелсін.

Кеңес төрайымы:  Кабденова Г.К.

Кеңес хатшысы:  Сейіткерім П.С.